

**«Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және болдырмау»
тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің**

Х А Т Т А М А С Ы

12.12.2023 жыл. Қызылорда қаласы

Қатысқандар: Б.Момынбаев атындағы №278 мектеп-лицей, «Абай» атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп-лицейі, №101 мектеп-лицейі және Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің әкімшілігі

Күн тәртібінде:

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен 2023 жылы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында Т.Есетов «№264 мектеп-лицейі» КММ-де сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алуға сәйкес семинардың өткізілуі

Тыңдалды:

1. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің А.Нұрмағанбетов өз сөзінде кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе екеніне тоқталып, сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі екені айтылды. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әр салада жүзеге асырылуда. Дегенмен, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет деп сөзін қорытындылады.

Мектеп директоры Б.Тумурзаев, Л.Әбенова, Ж.Садвакасова, Э.Азатбаева сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді.

Оқушылар мен ұстаздар арасында түрлі сайыстар мен құқықтық сағаттар жиі өткізіліп отырады. Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша үнемі түсіндірме және ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сондай-ақ, мектептер тарапынан мемлекеттік сатып алуға байланысты жұмыс жүргізетін арнайы маманға штат қарастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі басшысымен бекітілген 2023 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау тақырыбындағы семинарда қозғалған барлық мәселелер білім ордасында жан-жақты талқыланып шешіліп келе жатқанын жеткізді.

Қаулы етеді:

1. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2023 жылғы жұмыс жоспары мен Қызылорда облысының білім басқармасының хаттамалық тапсырмасын орындау сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу бойынша жұмыстар үнемі бақылауға алынып, Заң талабына сәйкес жүргізілсін.

Төраға

Б.С.Тумурзаев

Хатшы

Г.Ш.Бексейтова